09-07-247/901

камералдық бақылау жүргізу
хабарламасына қосымша

Камералдық бақылау Қазақстан Республикасының 4.12.2015 жылғы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы негізінде жүргізілді.

Камералдық бақылау объектісі: "Мәртөк аудандық ішкі саясат бөлімі" ММ
БСН: 060140009582
Бөлінген қаражат: 1 200 000 теңге
Хабарландыру нөмірі: № 2337619
Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы:

Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес " Мәртөк аудандық ішкі саясат бөлімі " ММ-мен мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған № 2337619-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жастар арасында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу» мемлекеттік тапсырысының ҚР-ның мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарымен өткізілгені анықталды.

Қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес, "Болашақ-М" ҚБ жеңімпаз болып анықталған. Хаттамада конкурстық комиссия "Болашақ-М" ҚБ-не жұмыс тәжірибесіне 2 жыл есептеп 2 пайыз шартты жеңілдік есептеген.

Алайда, тексеру барысында келесілер анықталды:

"Болашақ-М" ҚБ мемлекеттік сатып алу веб-порталына 5-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптары құжаттамасын орналастырған. Аталған құжатта 2015 жылы « Жастар және қоғам» семинар – тренинг» жұмыс тәжірибесі бар екені көрсетілген және растаушы құжаты көрсетілген. Осыған сәйкес, "Болашақ-М" ҚБ-ның жұмыс тәжірибесі 1 жыл және 1 пайыз шартты жеңілдік есептелінуі қажет.

Анықталған бұзушылықтар жойылуға жатады.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-v «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 18)-бабы 4)-тармағы 1)-тармақшасына, 43)-бабы 19)-тармағына сәйкес уәкілетті орган бақылау объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы *орындалуы міндетті хабарламаны* жібереді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 14 бабы 2 тармақшасына сәйкес «мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, Комитетке хабарлама берілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес қарсылық жіберуге құқылы».

Мемлекеттік сатып алудың аудиті бөлімінің бас маманы **А.Бекжанов**

☎ 54-41-76